

**«Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» оқу-әдістемелік кенесінің  
ХАТТАМАСЫ №3**

**КҮН ТӘРТІБІ:**

Күні: 02.12.2021 жылы  
сағат: 15.00

1. «Журналистика» кафедрасының білім бағдарламасының қазіргі тенденциялары мен даму болашағы

*Баяндамашы: «Журналистика» кафедрасының меншерушісі: М.Т.Мұқашева*

2. Болашақ заңгерлердің кәсіби даярлау жұмысын жетілдіру. Кадрларды даярлауда білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және олардың сәйкестігі

*Баяндамашылар:*

*Y.X.Идрисова – «Азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының кафедра меншерушісі*

*Шайхеденов Р.Н. – «Қылмыстық-құқықтық пәндер» кафедрасының меншерушісі*

3. Болашақ педагогтарды даярлаудың мазмұндық және құрылымдық компоненттері

*Баяндамашы: Педагогика-лаборатория кафедрасының жетекшісі Ш.И.Джанзакова*

**4. Әртүрлі мәселелер**

4.1 Университет профессор-окытушы құрамының оку, оқу-әдістемелік құралдарын 2021-2022 оқу жылы баспаға шығару жоспары.

4.2 Абыканова Б.К., Г.М.Кусаинов, В.Н.Васильева, Бекова Г.Т., Мырзагерейқызы Г., Салықбаева Ж.К. «Педагогическая технология коллективного (интерактивного) способа обучения» педагогтардың біліктілігін арттыру курсарының білім беру бағдарламасы

*Баяндамашы: Оқу-әдістемелік басылымдардың, оқулықтардың, құралдардың сапасын қамтамасыз ету жұмыс тобының жетекшісі Абыканова Б.Т.*

Оқу-әдістемелік кенестің отырысын кенес төрағасы А.Е.Чукуров күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырыды.

Күн тәртібіндегі 1-мәселе «Журналистика» кафедрасының білім бағдарламасының қазіргі тенденциялары мен даму болашағы жөнінде «Журналистика» кафедрасының меншерушісі: М.Т.Мұқашеваның белгілі себептермен қатыса алмайтындығын айтып, келесі мәселеге көшті. 2-мәселе бойынша болашақ заңгерлердің кәсіби даярлау жұмысын жетілдіру. Кадрларды даярлауда білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және олардың сәйкестігі жөнінде «Азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының кафедра меншерушісі Y.X.Идрисова мен «Қылмыстық-құқықтық пәндер» кафедрасының меншерушісі Р.Н. Шайхеденовтер сөз алды. Екі кафедра меншерушілері де кафедрада жасалған жұмыстарға токталды. Атап айттар болсам, Үздік Хамиевна кафедрасындағы Зангерлік білім әркез беделді, әрі абырайлы мамандықтардың бірі болып саналады. Сол себепті жастар арасында зангер мамандығына деген қызығушылық барлық кезде жоғары болып кала бермек. Жалпы зангер мамандығын ең әмбебап мамандықтардың қатарына жатқызуға болады деп санаймын. Сөзіміз дәлелді болуы үшін бірнеше мысалдар келтіріп етейін. Мәселен, университеттің «Құқықтану» білім беру бағдарламасын игеріп, сәйкес дипломды алған түлектер мына салаларда қызмет істеу мүмкіндіктеріне ие болады деп біршама мамандарды атап етті. Біліктілік талаптарына сай, "Құқық" кадрларды даярлауды бағыты үшін – азаматтық заңнамаға сәйкес кадрлар даярлау бағыттарына сәйкес әділет және ішкі істер органдарымен және прокуратуралымен, сыйбайлас жемқорлыққа карсы қызметімен және экономикалық тергеу қызметімен, адвокаттар

алқасымен және нотариаттық палаталармен, заң консультанттары палаталарымен ынтымақтастық меморандумда екендігін айтты. 2021-2022 оку жылының алғашкы жартысында 10 ашық сабак, 14 конак дәрісі ұйымдастырылды. «Судьялар одағы» РКБ Атырау облысы филиалымен арадағы бекітілген жұмыс жоспарына сай 25 қазан-29 қазан аралығында «судьялардан практикалық сағат» онлайн дәрістер жүргізілді. Бұғанғи цифрландырылған қоғамда сабак процестерін ұйымдастыру да үлкен мәселе. Барлық оқытушылардың компьютерлік сауаттылығы жөнінде. Сабак процесінде заманауи цифрлық бағдарламаларды қолдану, әсіресе практикалық сабактарда қолдану мүмкіндітерін енгізуде. Осы бағыттағы қазақстандық, штетелдік онлайн семинарларга қатысып, біліктіліктерін арттырып отырады.

Дене шынықтыру бойынша бізде оқитын студенттер үшін күрес, каратэ сияқты үйірмелер болса деген ұсынысын да айтты өтті.

Осы тақырып юойынша да қылмыстық-құқықтық пәндер кафедра менгерушісі Р.Н.Шайхеденов сез алды. Баяндамашы кафедра құрамы, мақсаты мен міндеттеріне тоқтала отырып, кафедра филиалдарына тоқталды. Филиал оку-әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарын, білім алушылардың арасында тәрбие жұмыстарын, сондай-ақ болашак Зангер мамандардың дайындығы мен олардың біліктілігін арттыруға қызмет етуде үлкен қызметтер атқарып келетіндігіне ерекше тоқталды. Сонымен бірге, 2021-2022 оку жылында Атырау өніріне белгілі адвокат Н.К. Жолболовпен бірлесе отырып Бейіндік бағыт магистратураға арналған «Адовкаттық және нотариалдық қызмет» білі беру бағдарламасы жасақталып, реестрге енгізілді. Болашақ зангерлердің кәсіби даярлау жұмысын жетілдіруде бұл бағдарламаның рөлі үлкен деді. Сондай-ақ, факультеттімізде Криминалистикалық ғылыми лабораторияның болуы біздер үшін мақтанарлық жағдай. Құны 13 млн. теңге болатын бұл лаборатория 2015 жылы сатып алынған болатын. Болашақ полиция қызметкерлері осы лабораторияда жұмыс жасап, тәжірибелі дағылар жинауға мүмкіндік алыш отыр. Алайда бұл лабораторияның мүмкіндіктері әлі де толыққанды пайдаланылмай отыр деген ойдамын. Себебі лабораторияда кейбір құрылғылар алынған жаңа күйінде қалуда деп себебін айтпады. Сөз сонында баяндамашы SWOT талдау бойынша қорытындыланды.

Екі баяндамашыға сұрақ қойылды.

Жанар Оразқызы:

- Бағыт бойынша осы екі кафедра білім берушілердің квалталаптары төмен. Неге деп ойлайсыз?

Жауап:

- Ғылыми әлеуеттің төмөндігі деп ойлаймын. Жұмыстанамыз. Жалпы осы екі кафедра оқытушыларын осы сала бойынша еліміздің мықты ЖОО біліктілігімізді көтерсек деп ұсыныс айтамын

Сұрақ:

- «Атамекен» рейтингісі бойынша 11 орында екенсіздер. Себебін айтсаныздар.
- Кезінде қосылған пәндерден басқа пән қосылмады. Болашақта пән қарастырамыз. «Цифрлы юрист» деп жаңа пән бағдарламасын жасақтап жатырымыз.

Үздік Хамиевна:

- Кей пәндерді біріктіре отырып, атап «Цифрлы юрист» пән бағдарламасын қосқыныз келеді деді. Басқа кафедра мамандарын да дәріс беруге, практикалық жұмыстарға шакырамыз. Жоспарымызда бар деді.

Келесі мәселе «Болашақ педагогтарды даярлаудың мазмұндық және құрылымдық компоненттері» баяндамасымен Педагогика-лаборатория кафедрасының жетекшісі Ш.И.Джанзакова сейлемді. Арнайы кәсіптік білім беру жүйесіндегі мемлекеттік стандарттың қазіргі заманғы талаптары педагогика мен психология саласындағы болашақ мамандарды даярлаудың мазмұндық компонентін қайта қарауды талап етіп отыр деп

бастады өз сөзін. Қазіргі уақытта университетімізде педагогикалық пәндерді оқытудағы сабактастық бұзылған деп есептейміз. Мәселен, "Педагогикалық ғылымдар" тобы мамандықтарының үлгілік (типтік) оку жоспарлары мен білім бағдарламаларына тек "Педагогика" (2 курс, 3 семестр), "Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі" (2 курс, 4 семестр), "Білім берудегі менеджмент" (4 курс, 7 семестр) сияқты пәндер енгізілген. Біз болашақ мұғалімдерді даярлауды жүзеге асыратын мамандықтар бойынша үлгілік білім беру бағдарламаларын түбектейлі қайта қарау қажет деп санаймыз деп мысалдарын көлтірді. Баяндаган және ұсынған болашақ педагогтарды даярлаудын мазмұндық және құрылымдық компоненттері олардың педагогикалық қызметінің тиімділігін қамтамасыз ететін білім берудегі инновациялық процестерді қолдауды жүзеге асыруға, тиімді оқыту бағдарламасының негізін құрайтын жеті модуль контекстінде мұғалімнің тұжырымдамалық түсінігі мен практикалық дағдыларының негіздерін қалыптастыра алады деп өз сөзін қорытындылады.

Болашақ педагогтарды даярлаудың мазмұндық және құрылымдық компоненттерін жақсарту үшін сіз оку жоспары мен білім бағдарламаларына енгізетін пәндерді ғана атап еттіңіз. Одан басқа да жұмыс түрлеріне тоқталсаныз деген сұраққа нақты жауап айтылмады.

Әртүрлі мәселелерде университет профессор-оқытушы құрамының оку, оку-әдістемелік құралдарын 2021-2022 оку жылы баспаға шығару жоспары туралы оку-әдістемелік кеңес мүшесі Б.Т.Абыканова сөйлемді. Ол оку-әдістемелік кеңестен университетіміздің Ғылыми кеңесіне жіберуін сұрап, оқ пікір білдірілген сын пікірлер (екі сын пікір) жалғанған және оку-әдістемелік құрал антиплагиат жүйесінен өткен деп оку құралдарын атап етті. Сонымен бірге Бақытгүл Толыбекқызы біліктілік арттыру курсының бағдарламасымен де таныстырды. ОӘКтен бекітуді сұрады.

Қабылданған ұсыныстар бірауыздан қабылданды.

Оку-әдістемелік кеңесі шешім етеді:

1. Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына енгізілген өзгерістерге сәйкес "Күккүй" даярлау бағыты бойынша ПОҚ дәрежелілігі, практиканы үйімдастыру, түлектерді жұмысқа орналастыру жөніндегі тармактарды сәйкес келеді деп есептелсін
2. Университет профессор-оқытушы құрамының оку, оку-әдістемелік құралдарын 2021-2022 оку жылы баспаға шығару үшін ғылыми кеңеске ұсынылсын.
- I. «Физика және жалпы техникалық пәндер» кафедрасының п.ғ.к., қауымдастырылған профессоры Б.У.Қуанбаевының «FLASH көмегімен физикалық интерактивті лабораториялық жұмыстарды жасақтау» оку құралы
- II. «Физика және жалпы техникалық пәндер» кафедра оқытушылары Абыканова Б.Т., Мырзагерейқызы Г., Салықбаева Ж.К. және Дьяченко В.К., Кусаинов Г.М., Мырзагерейқызы Г. бірігіп «Жаңа және ең жаңа педагогикалық технология» оку құралы
- III. «Физика және жалпы техникалық пәндер» кафедра оқытушылары Абыканова Б.Т., Мырзагерейқызы Г., Салықбаева Ж.К. және Дьяченко В.К., Кусаинов Г.М., Мырзагерейқызы Г. бірігіп «Новая и новейшая педагогическая технология» учебное пособие
3. Абыканова Б.К., Г.М.Кусаинов, В.Н.Васильева, Бекова Г.Т., Мырзагерейқызы Г., Салықбаева Ж.К. «Педагогическая технология коллективного (интерактивного) способа обучения» педагогтардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы бекітілсін


Кеңес соңында кеңес төрағасы А.Е.Чукоров күн тәртібіндегі қаралған мәселелер жөнінде қорытынды жасалды. Кафедра менгерушілері айтқан ұсыныстар назардан тыс қалмайды, алдағы уақыттың жұмыс жоспарларына енгіземіз деді.

Оку-әдістемелік кеңес төрағасы:

Хатшы:



А.Чукоров

 Г.Нұрсұлтанова